

2 17 09

3282-1930-01- Ақ (ШҚ)
020740000236
02 01.07.

Акционерлердің жалпы жиналысында
БЕКІТІЛГЕН

«31» 0



“Қарағанды қаласы Әділет басқармасы” ММ
2012 ж. «17» 09
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ
Бұйрық № 3-7/2859-01

«Шұбаркөл көмір» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

2012ж.

Бұл Жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай әзірленіп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Шұбаркөл көмір» Акционерлік қоғамының қызметін, бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын ұйымның құқықтық негіздерін анықтайды.

I ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1 Қоғамның толық және қысқартылған фирмалық атауы:

- а) қазақ тілінде: “Шұбаркөл көмір” акционерлік қоғамы, “ Шұбаркөл көмір ” АҚ;
- б) орыс тілінде: Акционерное общество “Шубарколь комир”, АО “Шубарколь комир”;
- в) ағылшын тілінде - Joint-Stock Company “Shubarkol komir”, JSC “Shubarkol komir”.

1.2 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі заңнамаға) сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, өз тілегіне қарай есепшоттары мен басқа шоттары, қазақ және орыс тілдерінде фирмалық ресми атауы көрсетілген мөрі болуы тиіс.

1.3 Қоғамның акционерлері Қоғамның акцияларын белгіленген тәртіпте сатып алатын қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар бола алады.

1.4 Қоғам заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының территориясында және оның территориясынан тыс басқа заңды тұлғалардың жарғы капиталына қатысуға құқылы.

1.5 Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру процесінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын, сонымен қатар осы Жарғыны, заңмен белгіленген тәртіпте қабылданатын Қоғам акционерлерінің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Президенттің (қысқартылған атауы Президент) жалпы жиналысының шешімдерін басшылыққа алады.

1.6 Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша, соның ішінде өзінің контрагенттерінің алдында өзінің меншік шегіндегі жауапкершілікке ие.

Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікке ие емес.

Қоғам Акционерлері Қоғам міндеттемелері бойынша жауапты емес және заңнамада қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайларда Қоғамның акциясының меншік құқығы шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығын қаупіне жауап береді. Акционер Қоғамның меншік құқығына кіретін жеке нысандарға берілген құқықтарға ие емес, соның ішінде – осы акционер салған нысандарға.

Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапкершілікке ие емес, Қоғам немесе мемлекет мұндай жауапкершіліктерді өзіне алған жағдайлардан басқа жағдайларда мемлекет те оған тең қоғамның міндеттемелері бойынша жауапкершілікке ие емес.

1.7 Қоғам заңмен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының территориясында сияқты территориясынан тыс аймақтарда өзінің еншілес қоғамдарын, филиалдары мен өкілеттіліктерін ашуға құқылы.

1.8 Қоғам шетелдік банктер мен олар тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша сәйкес құқығы бар басқа қаржы институттарында шот ашуға (Қазақстан Республикасының валютасындағы шоттарды қоса алғанда) құқығы бар;

1.9 Қоғамның өз қызметін жүзеге асыру үшін Президент бекіткен тауар белгілері, бланкілері, эмблемалары мен басқа да деректемелері бар.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде өздерінің функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті өзінің мөрі мен мөртаңбалары бар.

1.10 Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін заңды тұлға құқығын алады.

Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

1.11 Қоғам Басқармасының орналасқан орны: 100004, Қазақстан Республикасы, Қарағанды к., Қазыбек би ауданы, Асфальтная көш., 18.

II ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТАҚЫРЫБЫ.

2.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты акционерлердің мүддесіне табыс табу, сонымен бірге Қоғамның жеке өндірісін дамыту үшін табыс табу болып табылады.

2.2. Аталған мақсаттарға жету үшін Қоғам келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- көмір мен рудалық емес шикізатты алу;
- темір жолдың кіру жолдары бойынша жүк (соның ішінде қауіпті) және жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдау;

- көмір, отын сату, кәсіпорындарға, мекемелерге және азаматтарға қызмет көрсету және жұмыстарды орындау;
 - автомобиль көлігімен жолаушыларды және жүк (соның ішінде қауіпті) тасымалдау;
 - коммерциялық-делдалдық қызмет;
 - ауыл шаруашылық кәсібімен айналысу;
 - бұрғылау-жару жұмыстарының өндірісі;
 - прекурсорларды сақтау;
 - жүкті автокөлікпен халықаралық тасымалдау;
 - жарылғыш және пиротехникалық заттар мен бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және оларды қолдана отырып, іске асыру;
 - қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, сосудтар мен құбырларды шығару, жөндеу және пайдалану;
 - жарылыстан қорғалатын электр техникалық жабдықты шығару және жөндеу;
 - өнеркәсіптік өрт жарылғыш заттарын пайдалану және тау-кен өндірісі;
 - бұрғылаушы, тау-кен-шахта жабдықтарын, аппаратуралары мен көтеруші құрылғылардың дабыл жүйесін және апатқа қарсы қорғанысты бақылау жүйесін шығару, жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
 - тартқыш жылжымалы құрамды жөндеу;
 - геология-маркшейдерлік жұмыстардың өндірісі;
 - көмір және рудалық емес шикізатты қайта өңдеу, соның ішінде көмір брикеттерін, жартылай кокс, синтетикалық отынды, тыңайтқыштарды, бояғыштарды, қиыршық тасты шығару;
 - кара және түсті металдардың қалдықтары мен металл сынықтарын жинау, дайындау, сақтау, қайта өңдеу және сату;
 - сыртқы экономикалық қызмет;
 - құрылыс-монтаж жұмыстары, соның ішінде: сыртқы инженерлік желілерді және құрылыстарды салу, темір жол құрылысы, II және III жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен үймереттерді қайта салуда және күрделі жөндеу кезіндегі жөндеу-құрылыс жұмыстары, сырлау және сылақтау жұмыстарынан басқа;
 - құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларының өндірісі (шығару) және сату, соның ішінде:
 - өнеркәсіптік өндіріс;
 - шығару (өнеркәсіптік шығару).
 - жобалау-ізденіс қызметі;
 - жол құрылысы бойынша жұмыстар, республикалық мәні бар жолдардан басқасы;
 - жүк көтергіш механизмдерді пайдалану және жөндеу;
 - құю станцияларын ұстау және пайдалану;
 - сауда және қоғамдық тамақтану орындарын ұйымдастыру;
 - көмір мен басқа да жүкті кедендік ресімдеу мен декларациялау бойынша дилерлік қызмет;
 - құрылыс тасын және қиыршық тас өнімдерін сату;
 - жарылғыш материалдарды сақтау;
 - өнеркәсіп қалдықтарын сақтау, іске жарату және сату;
 - қоршаған ортаны күзету;
 - жылу және электр энергиясын өндіру, жіберу және тарату;
 - электр желілері мен қосалқы станцияларды пайдалану;
 - радиоактивті заттарды ұстау және радиометрикалық өлшеулер;
 - көмір және басқа өнімдерді, мұнай өнімдерін химиялық және басқа талдауларды өткізу;
 - қиыршық тастарды, көмір мен басқа өнімдердің сапасын бақылау;
 - кәсіпорынның менеджмент жүйесіне аудит жүргізу;
 - дәрігерлік қызмет;
 - қонақ үй және сервистік қызметтер көрсету;
 - көтерме-бөлшек сауданы жүзеге асыру;
 - заем (қарыз) операцияларын жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында рұқсат етілмеген басқа қызмет түрлері.

2.3 Жоғарыда 2.2.-тармақта көрсетілген барлық қызметті Қоғам заң бойынша талап етілетін сәйкес рұқсаттар мен лицензиялар болғанда жүзеге асырады.

III ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ.

3.1 Қоғамның мүлкін негізгі қорлар мен айналым құралдары, сонымен бірге Қоғамның дербес балансында құны көрсетілген мүлік құрайды.

Мүлік Қоғамның меншік құқығы негізінде тиесілі.

Қоғамның мүлкін қалыптастыру көздері болып табылатындар:

- Жарғы капиталына акционерлердің салымдары;
- қызмет түрінен түскен табыс, сонымен қатар заңнамада рұқсат етілген басқа негіздемелер бойынша сатып алынған басқа да мүлік;

- Қоғамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде шығарылған өнім;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа табыс көздері.

3.2 Жай акциялар Қоғамның жалпы жиналысында дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешуде дауыс құқығын, Қоғамның таза табысы болғанда тоқсан, жарты жылдық және жыл бойынша дивидендтер алу құқығын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның таратылған жағдайында Қоғамның мүлік бөлігін алу құқығын, сонымен қатар Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын құнды басқа қағаздарды немесе жай акцияларды сатып алатын басым құқығын береді.

3.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғам таратылғанда Қоғамның мүлкінің бір бөлігіне бір акцияға алынған есеппен 50 (елу) теңгені құрайтын жыл бойынша дивидендтердің кепілдендірілген көлемін алу құқығы бар, сонымен қатар Қоғамның артық акцияларын сатып алуға құқығы бар.

Артықшылықты атаулы акциялардың иегері көзбе-көз түрінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысында дауысқа ие емес, бірақ Жалпы жиналысқа қатысу құқығына ие және күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Артықшылықты акция акционерге Қоғамның басқарылуына қатысу құқығын береді, егер де:

- 1) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы артықшылықтары бар акционерлерге құқығын шектейтін шешім шығарылуы керек мәселелерді қарастырады. Бұл мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі, егер де артықшылықты акциялардың орналастырылған жалпы санынан алғанда үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда (сатып алынған акцияларды есептемегенде);

- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы ҚР заңнамасына сәйкес ұйымдаспаған нарықта Қоғамның артықшылықты акцияларын сатып алуда олардың құнын анықтау әдістемесіне (егер де ол әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмеген болмаса, онда әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарастырады;

- 3) артықшылықты акция белгіленген төлеу мерзімі асып кеткен күннен бастап үш ай ішінде толық көлемде төленбегенде.

3.4 Қоғам өзінің акцияларын шығаруды құжатсыз түрде жүзеге асырады. Тізімдеме жүйесін, Қоғамның акция ұстаушылары жүйесін жүргізуді өкілетті орган берген және құнды қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығын беретін лицензиясы бар тіркеуші жүзеге асырады.

3.5 Қоғам қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғамның акционерлер жиналысының немесе сот шешімі бойынша жарияланған акциялардың санын арттыруға құқылы.

Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акциялары, соның ішінде орналастырылған (сатылған) акциялары туралы олардың жарияланған тәсілдері мен бағасы шегінде шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі заңмен белгіленген тәртіпте қабылдайды. Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру тәртібі ҚР заңнамасымен анықталады.

IV ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ.

4.1 Қоғам органдары болып табылатындар:

- 1) Жоғарғы орган – Акционерлердің Жалпы жиналысы;
- 2) Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы орган – Қоғам Басқармасы;

4) Бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

4.2 Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғарғы органы болып табылады, оның ерекше құзыреттілігіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;
- 2) бірлескен басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғамның ерікті түрде таратылуы немесе қайта құрылуы;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сонымен бірге олардың өзгеруін анықтау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын құнды қағаздардың шығарылуы туралы шешім қабылдау;
- 7) Орналастырылған акциялардың бір түрден екінші түрге айырбасталуы туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау;
- 8) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттемелерін орындағаны үшін шығындарды өтеу мен сыйақы төлемінің мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 9) санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау мен өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайда;
- 10) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 12) есептік қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептелінген дивиденд мөлшерін бекіту, дивидендтерді төлеу күнін бекіту;
- 13) қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайлар туындағанда қоғамның жай акциялары мен артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның акцияларын ерікті делистинг туралы шешім қабылдау;
- 15) басқа заңды тұлғаның қызметі немесе Қоғамның оның құрылуына қатысуы туралы шешімін қабылдау, не болмаса Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бірнеше бөліктері немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылар құрамынан (акционерлер) шығуы туралы шешім;
- 16) Қоғамның акционерлер жиналысын шақыру туралы Қоғам акционерлерін ақпараттандыру түрін анықтау және бұқаралық ақпарат құралдарында мұндай ақпаратты орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 17) ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдаспаған нарықта Қоғамның акцияларды сатып алуында акциялардың құнын анықтау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер ол құрылтайшылар жиналысында бекітілмеген болса) өзгерістер бекіту;
- 18) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) Қоғамның қызметі туралы акционерлерге ақпарат ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде Қоғамның Жарғысында мұндай тәртіп анықталмаса, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 20) Қоғамның «алтын акциясын» енгізу және жою;
- 21) ҚР қолданыстағы заңнамасына және (немесе) Қоғам Жарғысымен белгіленген Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне қатысты шешімдер қабылдау, басқа мәселелер.

Осы тармақтың 1, 2, 3, 4, 17 тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жататын басқа мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады.

4.3 Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жататын мәселелер басқасы қолданыстағы заңнамада қарастырылмаса басқа органдардың құзыреттілігіне, лауазымдық тұлғалар мен Қоғамның жұмысшыларының құзыреттілігіне берілмейді.

4.4 Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімін қолданысқа енгізбеуге құқылы.

4.5 Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы жылына бір рет қажеттілік шамасына қарай Директорлар Кеңесімен шақырылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген акционерлердің жалпы жылдық жиналысын шақыру тәртібін қоғам органы бұзған жағдайда қатысты кез-келген тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі мүмкін. Есеп кезеңі ішінде Қоғамның аудитті аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда үш айға дейін көрсетілген мерзім ұзартылған болып есептеледі.

4.6 Жылдық жиналыстан басқа барлық жиналыстар кезектен тыс болып табылады. Кезектен тыс жиналыстар Директорлар кеңесінің, Қоғамның ірі акционерінің бастамасымен, сонымен бірге Қоғамның ірі акционерінің талап арызы бойынша шақырылады, егер Қоғам ерікті таратылу процесінде болатын болса, онда кезектен тыс жиналысты Қоғамның тарату комиссиясы шақырып, дайындап және өткізеді.

Ірі акционердің Акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне Қоғамның Басқармасының орналасқан орны бойынша жиналыстың күн тәртібі жазылатын жазбаша сәйкесінше хабарламасын жіберу арқылы ұсынылады. Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдап және осындай шешім қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы хабарламасын, осы талапты жіберген тұлғаға бағыттауы тиіс. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырғанда берілген талаптарға сәйкес Директорлар кеңесі өздерінің қарауына қарай кез-келген мәселелерді жалпы жиналыстың күн тәртібінде толықтыруға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді Директорлар кеңесі немесе Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

4.7 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерді ақпараттандыру 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асыру керек, керісінше жағдайда аралас немесе ашық дауыс берген жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы дауыс беру өткізілген күннен бастап 45 күнтізбелік күннен кешіктірмей өткізу қажет.

4.8 Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама мынадан тұрады:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан орны;
- 2) жиналысты шақырту бастамасы туралы мәліметтер;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен орны, жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімін құру күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдармен акционерлердің танысу тәртібі;
- 7) егер бірінші жиналыс өткізілмесе, онда өткізілуі тиіс Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақыты. Акционерлердің қайта өткізілетін жиналысы Акционерлердің Жалпы жиналысының бастапқы (өткізілмеген) өткізілетін күнінен кейін келесі күннен кешіктірмей өткізілуі тиіс.

4.9 Акционерлер ұсынатын Қоғамның жиналысындағы күн тәртібі бойынша материалдар дауыс беру кезінде негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпараттан тұруы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдарында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есепті, Қоғамның бір жай акциясына алынған есепте бір жыл ішіндегі дивиденд мөлшері мен аяқталған қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы Директорлар Кеңесінің ұсыныстарын, Қоғам қызметіне және оның лауазымды тұлғаларына акционерлердің жолдаулары туралы ақпаратты, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының бастамасын қарастыру бойынша басқа құжаттарды қамтиды.

Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттардың тегі, аты, әкесінің аты (тілегіне қарай), Қоғамға тіркелген соңғы үш жыл ішіндегі білімі, жұмыс

орындары мен лауазымдары туралы мәліметтерді, сонымен қатар кандидаттардың біліктілігін, жұмыс өтілін растайтын басқа ақпаратты қамтиды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның директорлар кеңесін сайлау туралы мәселені қосқан жағдайда (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлағанда) материалдарда директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Қоғамның тәуелсіз директорының лауазымына кандидат болып табыла ма, жоқ па, көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдар жиналыс өткізілетін күнге дейін он күн ішінде кешіктірмей акционерлерді таныстыру үшін Қоғам Басқармасының орналасқан орны бойынша дайын болуы тиіс және рұқсат болуы тиіс, ал акционердің сұратуы болған жағдайда – сұратуды алған күннен бастап оған үш жұмыс күні ішінде бағытталуы керек. Егер де Директорлар кеңесіне кандидат акционер болып табылмайтын акционер, не болмаса жеке тұлға болып табылса (акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшесіне сайлануға ұсынылмаған), онда бұл мәліметтер акционерлердің тізімін құрған күнге Қоғамның дауыс беруші акцияларына иелік ету үлесі туралы деректерді қамти отырып материалдарда көрсетілуі тиіс.

4.10 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен құрылады.

Жиналыс қайта өткізілген жағдайда (өткізілмеген жиналыстың орнына) күн тәртібі өзгертілмейді.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі қоғамның дауыс беруші тоқсан бес процентінен кем жиынтықта ие болатын және акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционерлердің көбі дауыс берген болса олардың өзгеріс енгізуіне, не болмаса Қоғамның жалпы жиналысын өткізетін күнге дейін он бес күн ішінде мұндай өзгерістер туралы Қоғамның акционерлері хабардар болуы тиіс Директорлар кеңесі немесе ірі акционер толықтыруы мүмкін.

Ашық түрде өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанда Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөніндегі ұсыныстары туралы баяндауы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналыста шешім қабылдау кезінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде ашық дауыс беру арқылы ол өзгертіліп және (немесе) толықтырылуы мүмкін емес.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіткенде жиналыста ұсынылатын Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан көп дауыс жинау арқылы жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне қатысты емес мәселелерді шешу және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

Күн тәртібінде «әр түрлі», «басқасы», «басқалары» және басқа да сияқты осындай мағынадағы кең мағыналы сөздерді қолдануға тыйым салынады.

Күн тәртібі егер орналастырылған (сатып алынғандарды есептемегенде) артықшылығы бар акциялардың жалпы санының үштен екі бөлігінен кем дауыс жинаған жағдайда артықшылығы бар акцияларға ие акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін шешім болатын мәселелермен толықтырылуы мүмкін.

4.11 Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қарастырып және шешім қабылдауға құқылы, егер де Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп проценттеріне ие дауыс беретін, жиналыс қатысушыларын тіркеу кезінде акционерлердің жалпы жиналысында қатысу құқығы бар акционерлердің тізіміне қосылған олардың өкілдері немесе акционерлер тіркелген жағдайда.

Кворум болмаған жағдайда Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысын қайта шақыруға (болмаған жиналыстың орнына) міндетті, олардың шешімі тең құқылы болады, егер де қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде тіркелген акционерлер (немесе олардың өкілдері) Қоғамның дауыс беруші қырық және одан көп процентіне ие (Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде дауыс құқығы бар), соның ішінде дауыс беруші акционерлер тіркелгенде.

Қайта шақырылған Жалпы жиналыстың шешімдері жарамды болып саналады, егер де кворумның болмау себебі Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса.

4.12 Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркелуі өткізіледі. Акционердің өкілі ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес

ресімделген және Акционерлердің жалпы жиналысында қатысу және дауыс беру құқығы бар оның өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) дауыс беруге қатысу құқығы жоқ және кворумды анықтауда есепке алынбайды. Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің немесе Президенттің шақыртуынсыз акционерлер қатыса алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болса жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашық деп жариялана алмайды, егер де барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркеліп, хабардар болып және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылығы болмаған жағдайлардан басқа кезде.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ірі қатысушының дәрежесін алуға келісім алу не болмаса қоғамның орналастырылған (дауыс беруші) акцияларының жалпы санынан он және одан көп процент көлеміндегі акцияларға иелік етуші, пайдаланушы, өкім беруші басқа дәрежесін алу қарастырылған болса, онда қоғам акцияларының он және одан көп процентіне ие акциялар пакетінің, ірі акционерлер және (немесе) акционерлерінің өкілі акционерлердің жалпы жиналысында тек сенімхатта көрсетілген акционердің (акционерлердің) шешіміне сәйкес жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқауы болғанда дауыс беру құқығына ие.

Қоғамның он процентінен кем акцияларын құрайтын акциялар пакеті, акционердің өкілі, және акционерлердің өкілі жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша шешім сенімхатында жазбаша рұқсатсыз акционердің (акционерлердің) мүддесін білдіруге құқылы.

4.13 Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың Төрағасын (президиумын), Жалпы жиналыстың хатшысын таңдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрін – ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) түрін анықтайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы (президиум) мен хатшысын сайлау туралы мәселесі бойынша дауыс бергенде әрбір акционердің бір дауысы бар, ал шешімді қатысқан адамдардың ішінен көп дауыс жинағандары алады.

Қоғам Басқармасының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша келіспеушіліктерді тоқтату туралы ұсынысты дауысқа салуға, сонымен қатар осы мәселе бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы шешім қабылдауға құқылы.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысу құқығы бар тұлғалардың сөз алуына төраға кедергі болуға құқығы жоқ, тек бұл мәселе бойынша дау тоқтағанда немесе Акционерлердің жалпы жиналысының ережесін бұзуға алып келетін жағдайларда ғана.

Жиналысқа шақырылған басқа тұлғалардың сөз алу құқығын жиналыс Төрағасы береді.

Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысына үзіліс жасау туралы және мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде келесі күні Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің жеке мәселелерін қарастыруды ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

4.14 Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады, Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау бойынша кумулятивті дауыс беру жағдайларынан басқа, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыс бойынша Жалпы жиналыста дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға ұсынудан басқа жүзеге асырылады.

Дауыс беру қорытындылары бойынша санақ комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы құрып, қол қояды.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама құрылып, қол қойылғаннан кейін хаттама құрылған негіздегі көзбе-көз құпия және сырттай дауыс беру (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) үшін толтырылған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіліп, мөр басылып, Қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына біріктіруге жатады.

Дауыс беру қорытындылары Акционерлердің жалпы жиналысында жария етіледі, оның барысында дауысқа салынып, Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін

акционерлердің назарына жіберіледі, ол ҚР заңнамасымен белгіленген мерзімдерде дауыс беру қорытындылары туралы есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жеткізеді.

4.15 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні мерзімінен кешіктірілмей ресімделеді. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан орны;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты мен өткізілетін орны;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының қворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы (президиум) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз алуы;
- 9) дауыс беруге қойылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселені жалпы жиналыста қарастырған жағдайда (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) жалпы жиналыстың хаттамасында таңдап алынған Директорлар кеңесінің мүшесі қай акционердің өкілі және (немесе) тәуелсіз директор болып табылатын директорлар кеңесінің таңдап алынған мүшелерінің өкілі екендігі көрсетіледі.

Жиналыс хаттамасы Жалпы жиналыстың Төрағасы, хатшысы, Санақ комиссиясының мүшелері, Қоғамның он және одан астам процент акцияларына ие акционерлер мен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға өкілетті немесе өкілдері кол қояды.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Жалпы жиналыста дауыс беруге және қатысуға құқылы сенімхаттармен, дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен бірге тігіледі, сонымен бірге қол қойылған хаттама және қол қоюдан бас тартқан себептері жазылған жазбаша түсініктеме де бірге тігіледі. Аталған құжаттар Қоғамның Басқармасында сақталып, кез-келген уақытта танысу үшін акционерлерге беріледі. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

4.16 Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне кіретін осы Жарғыға енгізілген мәселелерді шешуден басқа Қоғамның қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесі міндетті:

1) лауазымдық тұлғалар мен акционерлердің деңгейіндегі басым шиеленістерді жою мүмкіндіктерін, соның ішінде Қоғам меншігін тең құқықылы пайдаланбау мен қызығушылық танытқан мәмілелерді құруда асыра пайдаланушылықтарды байқап, жою;

2) Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.

Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлер қатарынан немесе Қоғамның акционерлері болып табылмайтын ҚР заңнамасына сай басқа тұлғалар қатарынан ең кем дегенде 3 (үш) адамды сайлайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қатарынан ең кем дегенде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Қоғамның Басқарма мүшелері, Президенттен басқалары Директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

4.16-1 Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құра алады. Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби біліктілігі бар сарапшылардан және Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады.

Президент Директорлар кеңесінің комитет төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитетінің жұмыс істеу тәртібі, сонымен бірге олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

4.17 Директорлар кеңесінің төрағасы ашық дауыс берумен Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан ең көп дауыс жинағанынан сайланады.

Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырып, оның мәжілістерін жүргізеді, сонымен бірге осы Жарғыда және қолданыстағы заңнамада белгіленген басқа функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

4.18 Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыреті:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттары мен Қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе ҚР заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау;
- 3) орналастырылуы (сатылуы) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың аясында орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, орналастырылу (сату) тәсілі мен бағалары туралы шешім қабылдау;
- 4) ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда Қоғамның орналастырылған акциялары мен басқа да құнды қағаздарын сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;
- 7) Қоғамның облигациялары мен шығарылған құнды қағаздарын шығару шарттарын, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдауды анықтау;
- 8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, құзыреттілік мерзімін, оның басшысы (Президенті) мен мүшелерін, сонымен қатар олардың құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтау;
- 9) Басқарма мүшелері мен Президенттің лауазымдық еңбекақы мөлшері мен еңбек төлемі шарттарын анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, құзыреттілік мерзімін, оның басшыларын және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі жұмысшыларының еңбек төлемі шарттары мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 11) Корпоративті хатшыны тағайындау, құзыреттілігін анықтау, оның құзыреттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративті хатшының еңбекақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 12) қаржы есептілігінің аудитіне аудиторлық ұйымның қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау, сонымен бірге ірі мәміле тақырыбы болып табылатын Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүліктің нарықтағы құнын бағалау жөніндегі бағалаушылардың төлемақысын анықтау;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттеуші құжаттарды бекіту (Қоғамның шұғыл қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттардан басқалары), соның ішінде штаттық кесте, Қоғамның құнды қағаздарын жазып алу және аукциондарды өткізу шарттары мен тәртібін анықтау;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, және олар туралы ережені бекіту;
- 15) заңды тұлғаны құру туралы, Қоғамның басқа заңды тұлғаларға он және одан астам проценттегі акцияларын сатып алуы (сатуы) туралы шешімді қабылдау, сонымен қатар капиталандыру мен активтерді беру мәселелерін қоса алғанда олардың қызметтері мәселелері бойынша шешім қабылдау (жалға беру, сенімді басқару);
- 16) заңды тұлғаның Қоғамның он және одан артық акцияларына ие акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметтің мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 17) он және одан артық проценттегі өз меншігінің капиталын құрайтын шамаға Қоғамның міндеттемелерін арттыру;
- 18) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 19) қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 20) Қоғамның мәміле құруда қызығушылық танытқан мәмілелер мен ірі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 21) Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жатпайтын қолданыстағы заңнамада қарастырылған басқа мәселелер;

4.18-тармақта белгіленген тізімдегі мәселелер Қоғамның Басқармасына шешу үшін берілуі мүмкін.

4.19 Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жеке мүшелерінің немесе барлық мүшелерінің құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша ескертуі негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай өкілеттіліктері Директорлар кеңесінің көрсеткен жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, Директорлар кеңесінің жаңа қабылданған мүшелері жалпы алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттілігінің мерзімі өткенде бір уақытта аяқталады.

4.20 Директорлар кеңесінің мәжілісі Төрағаның, Президенттің бастамасымен, не болмаса Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің, Қоғамның ішкі аудит қызметінің, Ірі акционердің немесе Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық қызметінің бастамасымен шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырту туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесінің мәжілісінің күн тәртібінде ұсынылатын сәйкесінше жазбаша хабарламаны бағыттау арқылы беріледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақыртудан бас тартқан жағдайда Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырту міндетті болатын Президентке көрсетілген талаптармен шығуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісін Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Президенті шақырту туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыртуы тиіс. Директорлар кеңесінің мәжілісі көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарландыру бағыттау тәртібін Директорлар кеңесі анықтап, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережеде беріледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысу мүмкіндігі жоқ екендігі туралы Президентті алдын ала ескертуге міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мәмілелер жасау туралы шешімді қабылдау мәселелерін қарастырған жағдайда мәміле туралы ақпаратта қатысты тұлғалардың үлес көлемі мен сипаты, мәмілелерді орындау мерзімдері мен шарттары, сонымен қатар ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда бағалаушының есебі болуы тиіс.

4.21 Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін Директорлар кеңесінің мүшелерінен жартысынан кем емес мүшелері қатысуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны жартыдан аз болған жағдайда Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақыртылуы туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар кеңесінің шешімі мәжіліске қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелерінің көптеген жай дауысымен қабыланады. Дауыстар тең түскенде, Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы, немесе Директорлар кеңесінің мәжілісінде төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі жабық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің мәжілісінде қарастыруға шығаратын мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің жабық мәжілісінің шешімі жазбаша түрде толтырылып, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қол қояды, және бюллетендерде көрсетілген мерзімдерде алынған кворум болғанда қабылданды деп танылады.

Ресімделген күннен бастап 20 күн ішінде ол осы шешім қабылданған негізде бюллетень көшірмелерінің қосымшаларымен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағытталуы тиіс.

Жабық тәртіпте өткізілген жиналыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімі хаттамамен ресімделеді, ол жиналыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде Директорлар кеңесінің хатшысы және жиналыстағы өкілетті тұлға қол қояды.

Директорлар кеңесінің жиналыс хаттамалары мен жабық түрде дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің шешімдері қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесінің талабы бойынша Қоғамның мөр белгісі қойылып, Қоғамның Директорлар Кеңесі Төрағасының қолымен расталған шешімдер мен хаттамаларды көшірмелерін танысу үшін, жабық дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді және Директорлар кеңесінің жиналыс хаттамаларын беруге міндетті.

4.22 Қоғамның Атқарушы органы Басқарма болып табылады, ол 5 (бес) жылға Қоғамның директорлар кеңесімен сайланады. Қоғамның Басқармасы Қоғамның лауазымды тұлғаларының, Директорлар кеңесінің, Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жатпайтын осындай қызметпен байланысты барлық мәселелерді шешіп, Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады.

Қоғам Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері мен Қоғамның директорлар кеңесінің шешімін орындауға міндетті. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады, ол бұдан әрі Президент деп аталады, ол Басқарма мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесі сайлайды.

Қоғамның атқарушы органының мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Директорлар кеңесі бекіткен Басқарма туралы ережемен, сонымен бірге Басқарма мүшелерімен Қоғам арасында жасалатын еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Президентпен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Директорлар кеңесі, не Жалпы жиналысқа өкілетті тұлға қол қояды. Қоғамның басқа Басқарма мүшелерімен шартқа Президент қол қояды.

4.23 Президент:

1) Қоғамның жұмысын шұғыл басқаруды жүзеге асыру;
 2) Қоғамның атынан үшінші тұлғаға қатысты сенімхатсыз әрекет етеді;
 3) сенімхат беріледі, соның ішінде үшінші тұлғаға қатысты Қоғамның ұсыну құқығына қайта сенімхат беру;

4) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына қарастыру үшін қажетті материалдар мен ұсыныстардың дайындығын жүзеге асырады және осы органдардың қабылданған шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді; Қоғам жұмысшыларының өкілеттігін анықтайтын лауазымдық және басқа нұсқаулықтарға қол қояды;

5) шаруашылық сипаттағы бұйрықтарды шығарады;

6) Қоғамның жұмысшыларын жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (акционерлік қоғамның және құнды қағаздар нарығының мәселелері бойынша ҚР заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа), оларға сыйақы шараларын қолданып, тәртіпке салынады, еңбек төлемінің жүйесін анықтайды, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық еңбекақы мөлшерін белгілейді. Директорлар кеңесі қабылдаған ішкі құжаттарды басшылыққа ала отырып Қоғам жұмысшыларының сыйақы мөлшерін анықтайды (Қоғамның Ішкі аудит қызметі мен Басқарма құрамына кіретін жұмысшылардан басқа);

7) банктерде және басқа несиелік ұйымдарда шоттар ашады; материалдық және ақша қаражаттарын алуға қаржы, бухгалтерлік және басқа құжаттарға қол қояды, соның ішінде банктер мен басқа ұйымдар арқылы;

8) Директорлар кеңесі мен «Өкілеттіліктерін бөлу» ережелерінде белгіленген негізде Қоғамның мүлкін басқарады;

9) Директорлар кеңесіне Қоғамның Басқарма аппаратына штаттық кесте мен құрылымын дайындап, жібереді;

10) Ұжымдық шартқа қол қояды;

11) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені бекітеді (филиалдар мен өкілеттіліктер туралы Ережеден басқасын), сонымен қатар Қоғамның шұғыл қызметімен байланысты ішкі құжаттарды бекітеді;

12) өзі болмаған жағдайда Қоғам бойынша бұйрықпен Басқарма мүшесінің біріне өз міндеттемелерін жүктейді;

13) Қоғам Басқармасы мүшелерінің арасындағы өкілеттіліктер мен жауапкершіліктерді, міндеттерді бөледі;

14) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген басқа функцияларды атқарады;

15) Қоғамның директорлар кеңесі бекіткен басқа құжаттар мен «Өкілеттіліктерді бөлу» туралы ережеге сәйкес шарттар жасасады;

16) Қоғамның құрылымын, штаттық кестесін анықтап, бекітеді, соның ішінде Қоғамның басқарма аппараты, кадрларды іріктеу, таңдау және қою мен дайындау мәселелерін шешеді.

4.24 Басқарма Президенттің талабы бойынша немесе Президенттің міндетті түрде қатысуымен, яки оның міндетін атқарушының талабы бойынша шақырылады. Басқарма Қоғам Басқармасы мүшелерінің жартысынан аз мүшелері жиналысқа қатыспаған жағдайда қарастыруға шығарылған мәселелерді шешуге құқылы.

Басқарманың шешімі қатысқан дауыстардың көпшілік жай дауысын жинаумен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Президенттің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

4.25 Қоғам Басқармасының жиналыс хаттамаларын жүргізу және Басқарма жиналысының хатшысымен жүзеге асырылады. Қоғам Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда Басқарма мүшесі ерекше пікірді хаттамаға енгізуге хатшы талап етуге құқылы. Қоғам Басқармасы жиналысының хаттамасын Басқарма мүшелерінің жиналысына қатысқан барлық адамдар мен жиналыс хатшысы 3 күннен кешіктірмей ресімделеді.

